

5 дәріс.

Естің жалпы сипаттамасы

Жоспар

1. Естің жалпы сипаттамасы
2. Ес түрлері
3. Естің механизмдері мен негізгі процестері

ЕС – бұрын қабылданған түрлі әсерлерді, бейнелерді, көңіл-күйлерді, әрекеттерді және білімдерді есте қалдыру, есте сақтауды, қажет кезінде қайта жаңғыртуды немесе ұмыту.

- Барлық психикалық құбылыстар еске сүйенеді және ес негізінде жүзеге асады. Орыс физиологі И.М.Сеченов: "Ес барлық психикалық дамудың негізінде жатады". Егер сезімдеріміз, ойларымыз немесе әрекеттеріміз сақталынбаса, олардың байланысуы мен әрекеттесуі мүмкін болмас еді.
- С.Л.Рубинштейн: "Біз еске ие болмасақ бір сәттік тіршілік иесі болар едік. Біздің өткен өміріміз болашағымыз үшін жоқ болар еді".

Аристотель ұсынған ассоциативтік теориясын айтуымызға болады:

1. Іргелес ассоциациялар. Қабылдау бейнелері немесе қандай да бір елестер бұрын солармен бірге немесе олардан соң бастан кешірген елестерді туғызады.

2. Ұқсастық ассоциациялары. Қабылдау бейнелері немесе белгілі бір елестер біздің санамызда осыларға қандай да бір белгілері бойынша ұқсас елестерді шақырады.

3. Контрастық ассоциациялары. Қабылдау бейнелері немесе белгілі елестер біздің санамызда бір белгісі бойынша қарама-қарсы елестер туғызады.

Ес түрлері:

Бейнелі ес.

Эмоциялық ес.

Қозғалыс есі.

Сөздік логикалық ес.

- Естің негізгі процестері: есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану және ұмыту.
- **Есте қалдыру** дегеніміз - жаңадан қабылданған бейнелер мен мәліметтерді және олардың мәнін есте бұрынғы сақталғандармен байланыстырып отыруды айтамыз.
- Психологияда есті дамытуға арналған жаттау тәсілдерін – *мнемоника* немесе *мнемотехникалар* деп атайды.
- Ұзақ мерзімді есте сақталған мәліметтерді қайта санаға келтіруді **қайта жаңғырту** дейді.
- **Тану** – естің бұрын қабылдағандарға кезіккенде көрінетін қайта жаңғыртудағы қарапайым түрі.
- **Ұмыту** дегеніміз - қабылдағанды, еске қалдырғандарды қажет болғанда еске түсіре алмау, танымау немесе еске түсіру мен танудың қателесіп жаңылысуы.

Әр түрлі жарақаттар немесе ауралар естің бұзулуына әкелуі мүмкін. Сол кезде естің жоғалуын – **амнезия** дейді. Бұл құбылыстар мидағы тежеу, өшу заңдылықтарына байланысты.

Бірақ өшкен, ұмытылған байланыстар бір кезде жаңғырып, еске түседі. Бұны – **реминисценсия** дейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ес анықтамасы және оның сипаттамасы?
2. Естің негізгі түрлерінің жіктемесін көрсетіңіз?
3. Ес процестеріне сипаттама беріңіз?

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию.- М., 2009.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. - Алматы, 2008.- 159.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
4. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2009.- 187.